

«Мөлдір» бөбекжай-бақшасының
кезекті әдістемелік отырысы

ХАТТАМА
№1

24.09.2021ж

Қатысқандар:

Меңгеруші: К.Калиева
Әдіскер м.а: К.Калиева
Психолог: Б.Смагулова
Музыка жетекшісі: Г.Кемалова
Балабақша тәрбиешілері.
Г.Жубаниязова
Ш.Жақсылық
А.Махмет
А.Карибаева

Күн тәртібі:

1. Әдістемелік отырысының хатшысын сайлау
2. Мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты заңға сәйкес құжаттарды талқылау
Әдістемелік нұсқау хат
3. «Оқу–тәрбие барысын жоспарлау» кеңес К.Калиева
4. Бастапқы даму мониторингінің нәтижелері бойынша балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу индикатор қорытындысы Г.Жубаниязова,
5. Психологтың жылдық жоспарымен таныстыру. Б.Смагулова
6. «Баланың өзіне деген сенімділігін қалай қалыптастыруға болады» тәрбиешілерге кеңес. Б.Смагулова
7. «Жаңа оқу жылын жағымды бастайық» ойын тәрбиешілермен К.Калиева
8. «Еңбекте қауіпсіздікті сақтау техникасы. Еңбекті қорғау туралы» (нұсқау).
Балабақшаның материалдық базасын сақтау туралы. М.Максимова
9. Қыркүйек айының айлық жоспарының орындалуы. Бақылау бойынша қорытындымен таныстыру, ұсыныстар беру. К.Калиева
10. Қазан айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту. К.Калиева

I. Меңгеруші К.Калиева әдістемелік отырыстың күн тәртібінде қаралатын сұрақтарымен таныстырды. Әдістемелік отырысының хатшысын сайлауға шақырды. Балабақша педагогтары хатшы екінші кіші топ тәрбиешілерінен сайлауды ұсынды. Әдіскер К.Калиева хатшы ретінде Г.Жубаниязованы ұсынды. Тәрбиешілер ұсынысты бір ауыздан қолдады

Шешімі: әдістемелік отырысының хатшысы Г.Жубаниязова тағайындалсын.

Мерзімі: жыл бойы.

II. ТЫҢДАЛДЫ:

2-сұрақ бойынша К.Калиева сөз алып 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттын тағы бір рет шолып өтуіне шақырды. Әр тармағын талқылап өтіп арнайы өтпелі тақырыптары мен құжаттарды рәсімдеуге тоқталды.

ШЕШІМІ:

1. Топ құжаттары әдістемелік нұсқау хатты негізге ала отырып рәсімделсін.

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: топ тәрбиешілері

III. ТЫҢДАЛДЫ:

3-сұрақ бойынша К.Калиева «Оқу-тәрбие барысын жоспарлау» тақырыбында кеңес берді. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР МЕН ЦИКЛОГРАММАНЫ ҚҰРАСТЫРУҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫМЕН таныстырып өтті. Арнайы перспективалық жоспардың құрылымына және циклограммаға тоқталып осы оқу жылының циклограммасымен салыстырып өтті.

Табысты жоспарлаудың шарттары:

- 1) жоспарлау кезінде өз жұмысының деңгейін әділ бағалау;
- 2) жұмыстың белгілі кезеңінде жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттерін айқындау;
- 3) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын білу;
- 4) жоспарлау кезеңі жұмыстың нәтижесін көрсетуі;
- 5) алға қойылған мақсатқа жетуге көмектесетін тиімді әдістер мен құралдарды таңдау.

Перспективалық жоспарды топқа бір жас тобында жұмыс істейтін екі тәрбиеші құрастырады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

- өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар;
- апталық циклограмма;
- балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспар оқу жылына құрастырылады. Оның негізі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы болып табылады. Педагог өтпелі тақырыптардың тізіміне, тақырыпшаларды қосып, өзгерістер енгізе алады деп өтпелі тақырыптардың тақырыпшалары тоқталып тақырыпшалар қалай таңдау керектігін түсіндіріп өтті.

ШЕШІМІ: білім беру процесі өтпелі тақырыптар мен тақырыпшаларды негізге ала отырып жүргізілсін.

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: топ тәрбиешілері

IV. ТЫҢДАЛДЫ:

4-сұрақ бойынша сөзді әдіскер К.Калиева алып бастапқы даму мониторинг нәтижелері бойынша балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу индикаторларымен таныстырып өтті. Жиынтық есеп бойынша төмен деңгейдегі балалардың үлесі 27,6%, ортаңғы деңгейдегі балалардың үлесі 57,7%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 14,7% құрағанын айтып өтті. Көрсеткіш жеткілікті емес, балалармен жеке жұмыс жоспарлап циклограммада көрсетілгенін жүргізілсін деп айтып өтті.

ШЕШІМІ: Индикатор қорытындысын негізге ала отырып балалармен күнделікті жеке жұмыс жүргізілсін

V. ТЫҢДАЛДЫ:

5-сұрақ бойынша балабақша психологы Б.Смагулова сөз алып жылдық жоспармен таныстырып өтті. Жылдық жоспардың әр бөліміне тоқталып түсіндірмен жұмысын жүргізді. Тәрбиешілер педагогтермен, балалармен, ата-анамен жүргізілетін жұмысы бойынша ақпарат алды.

ШЕШІМІ: психологтың жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: психолог Б.Смагулова

VI. ТЫҢДАЛДЫ:

6-сұрақ бойынша сөзді К.Калиева алып «Баланың өзіне деген сенімділігін қалай қалыптастыруға болады» тақырыбында тәрбиешілерге кеңес берді. Мектепке дейінгі тәрбиеде 2,5 мен 5 жас аралығындағы балалардың ойын сабақтарының жүйесі баланың комплексті психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты көру, есту, сезу, есте сақтау, елестету сияқты табиғи қабылдау сезімдерін және дене, қол қимылы мен дене қозғалысы үйлесімін дамытуға бағытталады. Мектепке дайындық кезеңіне дейін баланың, логикалық ойлауы жүйеге түсе бастайды, яғни біртіндеп логиканың заңдарына сәйкес сараптау, ой қорытындысын жасай білу қабілеті қалыптасады. Бүгінгі балалардың көпшілігі кеше 90-шы жылдары дүниеге келген балалар, есі кіріп жаңа ғасыр есігін аша отырған біздің болашағымыз. Отбасында дастархан басына отырғаннан бала тұрып кеткенше таусылмайтын ақыл айтумен шектелеміз, сол айтылған ақыл сөздер балабақшаға келгесін де жалғасын табады. Міне осыдан барып бала мезі болады да, айтқанға құлақ аспайтын, тілазар болып шығады. Еврейлер елінде ешқашан баланы балағаттап ұрсып жатпай, керісінше «Балам, ертең сен ұшқыш боласың» немесе «Болашақта сенің өте жақсы азамат боларың сөзсіз» деп тәрбиелеп отырады екен. Осындай тәрбие үрдісі бала бойында мәңгілік қалады. Яғни, (кешіріңіз, кешірім өтінемін, кешірім сұраймын, ренжімеңіз, рахмет, сау болыңыз, қуанышыңызға ортақпын) деген сыпайы сөздерді, көше тілімізге енгізуден бастасак, біздің болашақта қиянатқа бармайтын, кісі жанына қастандық жасамайтын адал жүректі, кішіпейіл, адамгершілігі мол, иманды азаматтарды тәрбиелеуге бағытталғандығымыз болар еді. Бұл біздің әлемдегі жоғары деңгейдегі мәдениет бар елдердің қатарына қосылуымыздағы қосқан ұлттық үлесіміз болады деп ойлаймыз.

ШЕШІМІ: Берілген кеңес балалармен жұмыс жасау барысында ескерілсін

Мерзімі: жыл бойы

Жауапты: психолог Б.Смагулова, топ тәрбиешілері

VII. ТЫҢДАЛДЫ

7 сұрақ бойынша Б.Смагулова «Жаңа оқу жылын жағымды бастайық» жүргізді. Барлық тәрбиешілер берілген тапсырмаларды орындап берді

ШЕШІМІ: ойын қорытындысы жасалып қорытындысының не тәрбиешілермен жұмыс жүргізілсін

Мерзімі: жоспар бойынша

VIII. ТЫҢДАЛДЫ

9 сұрақ бойынша сөзді шаруашылық орынбасары М.Мақсимова алып «Еңбекте қауіпсіздікті сақтау техникасы. Еңбекті қорғау туралы» нұсқау беріп өтті. Балабақшаның материалдық базасын сақтау туралы әңгіме жүргізе отырып әр топ тәрбиешілері топ ішіндегі жиһаздармен ойыншықтың сақталуына жауапты екенін атап өтті.

Шешімі: Жұмыс жүргізу барысында қауіпсіздікті сақтау техника ескерілсін
Мерзімі: жыл бойы
Жауапты: балабақша педагогтары

IX. ТЫҢДАЛДЫ

9 сұрақ бойынша әдіскер К.Калиева сөз алып қыркүйек айының айлық жоспарының орындалуына талдау жасады. Қыркүйек айында жоспарланған бақылау талдау жұмысына арнайы тоқталып өтіп қорытындысымен тәрбиешілер танысып өтті. (Материалы қосымша берілді)


ШЕШІМІ:
Қыркүйек айында жоспарланған жұмыстар орындалды деп есептелінсін. Бақылау бойынша алынған ұсыныстар болашақта тәрбиешілер тарапынан ескеріліп жұмыс жүргізілсін

X. ТЫҢДАЛДЫ:

10 сұрақ бойынша сөзді балабақша меңгерушісі К.Калиева алып қазан айының айлық жоспарымен таныстырып жауаптыларды анықтап бекітті. (Материалы қосымша берілді).

ШЕШІМІ:
Қазан айының айлық жоспары бекітілсін. Орындалуы әдіскер өзіме жүктелсін
МЕРЗІМІ: 29.09
Жауапты: К.Калиева

Әдістемелік отырысының төрайымы
Қатшы



К.Калиева
Г.Жубаниязов

«Мөлдір» бөбекжай-бақшасының
кезекті әдістемелік отырысы

ХАТТАМА
№2

29.10.2021 ж

Қатысқандар:

Меңгеруші К.С.Калиева
Әдіскер м.а: К.С.Калиева
Психолог Б.Смагулова
Музыка жетекшісі: м.а : М.Максимова
Балабақша тәрбиешілері
Г.Жубаниязова
Ш.Жаксылық
А.Махмет
А.Карибаева

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты заңға сәйкес құжаттарды талқылау.
К.С.Калиева
2. «Массаж элементтерімен жасалатын жаттығулар» кеңес
Б.Смагулова
3. «Өрт, табиғи апат шыққан жағдайда қауіпсіздік ережелерінің орындалуы»
(бейбіт уақыты). М.Максимова
4. Қазан айының айлық жоспарының орындалуына талдау. Бақылау қорытындысы
К.С.Калиева
5. Қараша айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту.
К.С.Калиева

Әдіскер К.С.Калиева әдістемелік отырыстың күн тәртібінде қаралатын сұрақтарымен таныстырды.

І. ТЫНДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі алып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 наурыздағы №80 бұйрығымен таныстырып өтті. Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына кезектілікті қалыптастыру мен оны қызметін және жолдамаларды беру процесін автоматтандыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы айтып өтті. «Блокчейн технологиясы» ұғымына тоқталып түсіндірме жұмысын жүргізді. Ата-аналар сұрақтарына сауатты жауап беріп, керектігін айтты.

Шешімі: ата-аналар сұрақтарына жауап беру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 наурыздағы №80 бұйрығы негізге алынса.
Қауапты: тәрбиешілер

Мерзімі: жыл бойы.

II. ТЫҢДАЛДЫ.

Екінші сұрақ бойынша сөзді Б.Смагулова алып «Массаж элементтерімен жасалатын жаттығулар» тақырыбында кеңес берді. Денсаулық саласында массаж бағыты кіреді. Массаж халықтық медицинаның үлкен бір бөлігі. Ол барлық жер шарына кеңінен таралған, сондықтан емдеу әдістерінің ең негізгісі болып табылады. Массаж адам денесіне мөлшермен берілетін механикалық тітіркендіру. Массаж өкпедегі зат алмасуын үдетеді, тыныс алу үшін оның тереңдігін, жиілігін, өкпенің қимылын, тіпті кеуде қуысының дем алуға дұрыс қатынасуын реттеп, бір жүйеге түсіруге үлкен көмек көрсетеді. Адам денесінде болып отыратын зат алмасулардың бәріне әсер етеді.

Шешімі: берілген кеңесте ескеріліп балалармен жұмыс жүргізілсін.

Мерзімі: жыл бойы

III. ТЫҢДАЛДЫ

М.Макситмова «Өрт, табиғи апат шыққан жағдайда қауіпсіздік ережелерінің орындалуы» (бейбіт уақыт) нұсқаулық оқыды. Балалабақша тәрбиешілері төтенше жағдайлар кезінде жасайтын іс-әрекеттерімен таныстырып өтті.

ШЕШІМІ: берілген нұсқаулық ескеріліп жұмыс жүргізілсін

Жауапты: балабақша педагогтары

Мерзімі: жыл бойы

IV. ТЫҢДАЛДЫ

Төртінші сұрақ бойынша К.Калиева сөз алып қазан айында жоспарланған шаралардың орындалуына шолу жасап, бақылау бойынша қорытындысы таныстырып өтіп тәрбиешілерге ұсыныстар берді. Материалы қосымша беріп отыр

ШЕШІМІ:

1. Берілген ұсыныстарды ескере отырып жұмыс жүргізілсін

ЖАУАПТЫ: топ тәрбиешілері

МЕРЗІМІ жыл бойы

V. ТЫҢДАЛДЫ.

Сөйледі. 5-сұрақ бойынша К.Калиева қараша айының айлық жоспары таныстырып, жауаптыларын белгілеп өтті.

шешімі:

Қараша айының айлық жоспары бекітілсін. Орындалуы әдіскер өзіме жүкте

МЕРЗІМІ: 30.11

Жауапты: Калиева К

«Мөлдір» бөбекжай-бақшасының
кезекті әдістемелік отырысы

ХАТТАМА
№3

30.11.2021 ж

Қатысқандар:

Меңгеруші К.Калиева
Әдіскер м.а: К.Калиева
Психолог Б.Смагулова
Музыка жетекшісі м.а: М.Максимова
Балабақша тәрбиешілері:
Г.Жубаниязова
Ш.Жақсылық

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты заңға сәйкес құжаттарды талқылау.
К.Калиева
2. «Математика оқу қызметінде ойын элементтерін қолдану» кеңес
Г.Жубаниязова
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау
Психолог: Б.Смагулова
4. Қараша айының айлық жоспарының орындалуына талдау.
Бақылау қорытындысы
К.Калиева
5. Желтоқсан айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту.
К.Калиева
6. Желтоқсан айында өтетін мерекелер мен тақырыптық оқу қызметінің кестесін
құру. К.Калиева

Әдіскер К.Калиева әдістемелік отырыстың күн тәртібінде қаралатын сұрақтарымен таныстырды.

I. ТЫНДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі алып К.Калиева «Медиа білім» баспасы жирияланған мақаласымен таныстырып өтті. Мақала авторы болашақта нормативтік құжаттар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетіндігі туралы айту «Әліппе» енгізіліп, оқу қызметтерінің атауы, сағат саны өзгерітілетіндігі туралы айтып өтті. Өзгерістердің бастамасы ретінде орыс топтарында қазақ тілі қызметінің сағат саны артқаны және оқу жылы 30 мамырға дейін деп белгіленді. Болашақта нормативтік құжаттар өзгерілетіні туралы айтып сөзін қорытындылады.

ШЕШІМІ: 2018-2019 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР
ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ЕСКЕРІП ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛСІН

Жауапты: әдіскер, тәрбиешілер

Мерзімі: жыл бойы.

II. ТЫНДАЛДЫ.

Әдістемелік кеңестер

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	<p>Әдістемелік кеңес №1</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әдістемелік отырысының хатшысын сайлау • Мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты заңға сәйкес құжаттарды талқылау Әдістемелік нұсқау хат. «Оқу–тәрбие барысын жоспарлау» кеңес Бастапқы даму мониторингінің нәтижелері бойынша балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу индикатор қорытындысы • Психологтың жылдық жоспарымен таныстыру. • «Баланың өзіне деген сенімділігін қалай қалыптастыруға болады» тәрбиешілерге кеңес. «Жаңа оқу жылын жағымды бастайық» ойын тәрбиешілермен • «Еңбекте қауіпсіздікті сақтау техникасы. Еңбекті қорғау туралы» (нұсқау). Балабақшаның материалдық базасын сақтау туралы. • Қыркүйек айының айлық жоспарының орындалуы. Бақылау бойынша қорытындымен таныстыру, ұсыныстар беру. • Қазан айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту. • Түрлі сұрақтар 	Қыркүйек	Әдіскер, психолог, медбике
2	<p>Әдістемелік кеңес №2</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты заңға сәйкес құжаттарды талқылау. • «Массаж элементтерімен жасалатын жаттығулар» кеңес • «Өрт, табиғи апат шыққан жағдайда қауіпсіздік ережелерінің орындалуы» (бейбіт уақыты). • Қазан айының айлық жоспарының орындалуына талдау. Бақылау қорытындысы • Қараша айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту. • Түрлі сұрақтар 	қазан	Шаруашылық менгерушісі
3	<p>Әдістемелік кеңес №3</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты заңға сәйкес құжаттарды талқылау. • «Математика оқу қызметінде ойын элементтерін қолдану» кеңес 	қараша	

<ul style="list-style-type: none"> • Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау • Қараша айының айлық жоспарының орындалуына талдау. Бақылау қорытындысы • Желтоқсан айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту. • Желтоқсан айында өтетін мерекелер мен тақырыптық оқу қызметінің кестесін құру. • Түрлі сұрақтар 		
<p>4 Әдістемелік кеңес №4</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты заңға сәйкес құжаттарды талқылау. • «Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған бастапқы математикалық ұғымдарды қалыптастыруда ойын технологияларды қолдану» • «Ызасын жеңу үшін балаға қандай көмек беруге болады?» • Желтоқсан айының айлық жоспарының орындалуына талдау. Бақылау қорытындысы • Қаңтар айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту. • Түрлі сұрақтар 	желтоқсан	
<p>5 Әдістемелік кеңес №5</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кеңес: «Сурет бойынша әңгіме құрастыру». • Қаңтар айының айлық жоспарының орындалуына талдау. Бақылау қорытындысы • Ақпан айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту. • Түрлі сұрақтар 	қаңтар	
<p>6 Әдістемелік кеңес №6</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың танымдық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін ойындар» кеңес • «Жер сілкігенде балаларды құтқару шаралары» нұсқаулық • Психолог тарапынан қарым-қатынасты бағалау деңгейі тесті (В.Ф.Ряховского) • Ақпан айының айлық жоспарының орындалуына талдау. Бақылау қорытындысы • Наурыз айының айлық жоспарымен таныстыру, бекіту. • Наурыз айында өткізілетін мерекелер кестесін құру. 	ақпан	Әдіскер

Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №2

Уақыты:-----

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Қатысқаны:

Қатыспағаны:

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы» Баяндама
2. Өткізілген ашық оқу қызметінің қорытындысы
5. Ағымдағы мәселелер.

Әдіскер -----

Әдіскер-----

Әдіскер-----

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері-----

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындығын айтып өтті. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады деді. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада; ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет деп атап өтті. Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары «Денсаулық» білім беру саласында көрсетілгенін, «Денсаулық» білім беру саласының мақсаты: өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу, денсаулықтың адамға берген басты құндылығы екенін түсіндіру, қозғалыс белсенділігін дамыту және физиологиялық қасиеттерін қалыптастыру деп атай келе берілген баяндаманы егжей –тегжейлі тәрбиешілерге түсіндіріп өтті.

2. Тыңдалды: Менгеруші -----сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін, -----саласының «-----» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

1Сөз сөйлегендер: Әдіскер----- ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.


3.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер -----алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Желтоқсан айында болатын Тұңғыш президент, Тәуелсіздік күні қарсаңында ата-аналармен көрме ұйымдастырылады, топтарда ата-аналар бұрыштарына құттықтау ілініп, балаларға мәлімет берілсін. Тәрбиелік іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Сонымен бірге, жана жыл мерекесінің сценарийін музыка жетекшісі дайындап, топтарға таркатып берсін. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Шешім: 1. МДҰ салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында сауықтыру – шынықтыру шаралары қолға алынсын
2. Жас мамандар ашық оқу қызметіне қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.
3. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №3

Уақыты:-----

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Қатысқаны:

Қатыспағаны:

Күн тәртібінде:

1. Қоршаған ортамен танысу , экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы Әдіскер -----
2. Өткізілген ашық оқу қызметінің қорытындысы Әдіскер -----
5. Ағымдағы мәселелер Әдіскер -----

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері-----

Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақта жана экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймын. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формалары бақылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада , көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл – күймен қатар табиғат сұлулығын сезіне білуіне зор әсер ететіні анық. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, құрғақ жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б. сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу басшылыққа алынады. Балаларға мазмұнда көрсетілгендей өлі және тірі табиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама ұйымдарды нақты түрде меңгеру ұсынылады. Қорытындылай келе мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтап, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста екендігін, бір – бірінсіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отырып, қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, қамқор болып, қорғауға тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер күдіреті көп болмақ деген ойдамын деп баланың эстетикалық талғамының, табиғатқа деген әсем сезімнің қалыптасуының маңызын түсіндіріп өтті.

2. Тыңдалды: Меңгеруші -----сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін , -----саласының «-----» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Ал уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алу ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта

бұл дегеніміз балардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

Сөз сөйлегендер: Әдіскер----- ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

3.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер ----- алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қаңтар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және қаңтар, ақпан айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу парағын толтырып отыруларын айтты. Балаларға жол ережесін үйрету, балалармен өтетін спорттық сайысына қатысты дайындалуларын, балабақша мен мектеп сабақтастығы, ересек топтыңғылықты дайындалуларын, саяхатқа баруы, оны дұрыс ұйымдастыру туралы балаларының мектеп кітапханасына айтып, әрбір өткізген шараларының есебін уақытылы тапсырып отыруларын айтты.

Шешім: 1. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу қолға алынсын.
2. Жас мамандар ашық оқу қызметіне қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.
3. Қаңтар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілінсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

